



Газет 2014 жылы
Қарағанды облысы әкімінің
«Тіл жанашыры» сыйлығының
лауреаты атанды

Арқа Ақшамы

Аймақтық қоғамдық-саяси газет №31(165) 18 тамыз 2016 жыл



**ЖЕТІМДІ ЖЕБЕГЕН
КӘСІПКЕРЛЕР** 4►



ЕЛГЕ ЕЛУ СҰРАҚ



**ЖЕМҚОР-ОФИЦЕР
КІМГЕ ПІР?** 6►



УӘДЕҢ ҚАЙДА? 7►



ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ 10►

САЛЫҚТЫҢ САЛҒЫРТТЫҒЫ, ШУМКИННІҢ ШУЫ



«АРҚА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ 2016 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

2016

Индекс	Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
64540	6 айға	1747 теңге	1824 теңге
Жеке жазылушылар үшін	12 айға	3494 теңге	3648 теңге
14540	6 айға	5393 теңге	5470 теңге
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға	10786 теңге	10940 теңге

Газетке «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелеріне барып, жаздырып алуға болады.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ



Өткен аптада облыс әкімдігінде өңір басшысының орынбасары Ж.Әбішевтің төрағалығымен Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі облыстық комиссияның отырысы өтті.

2016 жылға арналған жұмыс жоспарында бекітілген 4 мәселе қаралды: «Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін отбасына орналастырудың баламалы түрлерін дамыту бойынша қабылданатын шаралар туралы. Балаларды асырап алудың негіздемесін қалыптастыру бойынша ақпараттық жұмыс жүргізу», «Мерейлі отбасы» облыстық конкурсын өткізу туралы», «Балалар мен мүгедектерге көмек көрсету орталығы» ҚҰ-ның Қарағанды облысындағы жұмысының оң тәжірибесі», «Шахтинск қаласының, Жаңаарқа және Шет аудандарының Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияларының жұмысы туралы» ■



ӨЗІңДІ СЫЙЛАМАСАҢ, СЫБАЙЛАС БОЛ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттің «Азаматтық бақылау» әлеуметтік тапсырысы аясында «Қарағанды облысының Азаматтық альянсы» қоғамдық бірлестігімен бірлесіп, «Қоғамдық қабылдау» жобасын жүзеге асырады.

Қоғамдық қабылдаулар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының, сондай-ақ мемлекеттік қызмет, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер салаларындағы заңнамалардың, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің бұзушылықтарын болдырмауда азаматтық бастамалардың орталығы болуға құрылған.

Қоғамдық қабылдаулар:

1) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер салаларындағы заңнамалар талаптарының сақталуы мәселелері бойынша кеңес беру қызметін атқарады;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті іске асырады;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг қорытындылары бойынша мемлекеттік органдар үшін жылдық және тоқсандық ұсынымдарды қалыптастырады;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ақпараттық және ұйымдастырушылық қызметті іске асырады.

Қоғамдық қабылдау қызметі 2016 жылдың 15 тамызынан бастап сағ. 10.00-ден 18.00-ге дейін күнделікті негізде (сенбі, жексенбі және мерекелік күндерден басқа) Қарағанды қ., Кеншілер д., 64-құр., 1-қабат, сол қанат мекенжайы бойынша іске асырылатын болады ■

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ҺӘМ ЖАСТАР

Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының сарбаздарына мәдени демалысты ұйымдастыру мақсатында шара өткізді.

2016 жылдың 26 шілдесінде қалалық «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының 25 сарбазымен бірге Қарағанды облысының Тарихи-өлкетану мұражайында бос уақытты мәдени өткізу аясында экскурсия өткізілді. Экскурсия барысында жастар еліміздің, қаламыздың тарихи қалыптасуы, мәдени және шығармашылық саласындағы көптеген қызықты мәліметпен жақынырақ танысты.

2016 жылдың 3 тамызында қаламыздың Жастар ресурстық орталығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылдың 30 қарашасындағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауы бойынша «Жасыл ел» ЖЕЖ-інің сарбаздарына ақпараттық түсіндіру өткізген болатын. Шара барысында жастар саясаты және қоғамның әлеуметтік жаңғырту саласында мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру іске асырылды.

2016 жылдың 5 тамызында Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының сарбаздарына ҚарЛАГ мұражайында



экскурсия өткізді. Осы экскурсияның арқасында жастар Қарағанды облысының күрделі тарихи кезеңдерін, тұтқындардың сол кездегі жағдайларымен, қарапайым және белгілі адамдардың ҚарЛАГ-та қатаң жазаларын өтегені жайлы білді.

Жастардың бос уақытын қалыптастыруына бағытталған шаралардың ұйымдастырылуы «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының сарбаздарына өзіндік қабілетін дамытуға мүмкіндік береді, көптеген жағымды әсер алуға және әлеуметтік-белсенді өмірлік позицияға бағыт береді ■

Жұртшылық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, мемлекеттік билік институттарына қоғамның сенімін арттыру, қоғамдық бақылау институттарының рөлін күшейту, сонымен қатар БАҚ өкілдерінің 2015-2025 жылдарға арналған ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясың, 5 институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының аясындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа қатысуын қамтамасыз ету мақсатында департамент Қарағанды облысы БАҚ тілшілерінің арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы үздік жарияланым» атты конкурс ұйымдастыруда.

Байқауға сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бейнелейтін материалдарды телеэфирге шығарған немесе баспа және онлайн басылымдарда жариялаған қалалық,

аймақтық БАҚ-тар мен журналистер қатыса алады.

Байқауға авторлық материалдар мен телебағдарламалар қабылданады.

Байқауға ұсынылған авторлық материалдар:

- Үздік телебағдарлама;
- Үздік жаңалық сюжеті;
- Баспадан шыққан үздік мақала;
- Ғаламтордағы үздік мақала;
- Үздік журналистік зерттеу аталымдарында қаралатын болады.

Байқауға 2016 жылдың 1 қаңтарынан 21 тамызына дейін жарияланған немесе эфирге шыққан материалдар қабылданады.

Материалды қабылдаудың соңғы күні – 2016 жылдың 21 тамызы ■



Меніңше...

– Баяғыда Жазушылар одағында бір кеш өткен еді. Сонда Мұхтар Мағауин да сөйледі. Арғы-бергі тарихтан тартып, ұлттың тұтастығы туралы сөз еткен қаламгер әңгіме арасында: «Осы мен түсінбеймін. Спорттан деңгейі жоғары халықаралық жарыс

өтіп жатады. Ал біздің спорт комментаторлары болса, «анау – Оңтүстік Қазақстанның тумасы, мынау – Тараздың өрені, анау – Батыс Қазақстанның ұланы» деп бөсіп отырады», – деген сыңайдағы ойын айтып қалған еді. Биылғы Олимпиада ойындарын көріп

отырып, сол бір сәт есіме түсіп кеткені. Расында да, Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаты ішкі біріншілік емес қой... ■

Мақсат МӘЛІК,
жазушы



ҚАРАҒАНДЫ –
ТАЗА ҚАЛА



Азаматтардың жоғары патриоттық санасын қалыптастыру, азаматтық борышты орындаудағы патриоттық тәрбие жүйесін дамыту және «Жасыл ел» жастар еңбек жасағына белсенді қатысатын жастар санын көбейту мақсатында «Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы» КММ және Қарағанды облысының «Жасыл ел» штабы бірлесіп, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Туған қалам, менің аулам» атты жастар жобасын бастаған болатын.

Жаздың 2 ай еңбек маусымында (шілде, тамыз) «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының 25 сарбазы тазалау және абаттандыру бойынша аулаларда бекітілген болатын. Жобаны жүзеге асыру барысында Қарағанды қаласының келесі аулалары бекітілді:

- Тәттімбет көшесі, 3, 5, 6;
- Кеншілер даңғылы, 70, 74;
- Ө.Әлиханов, 18, 20, 22/3, 24/2, 32, 36, 261, 281, 301, 302, 343, 362, 381;
- Н.Әбдіров, 25;
- С.Ерубаев, 46;
- Бейбітшілік гүлзары, 19 а;
- И.Лобода, 25, 28, 30, 32, 34, 36;
- Н.Гоголь, 53, 58, 62, 371.

Осы аймақтарда тұратын жастарды жұмысқа тарту арқылы Коммуналды шаруашылық және пәтер иелері кооперативінің қолдауымен толықтай аула аймақтарында сарбаздарды керек құрал-саймандармен жабдықтау арқылы балалардың ауласын сырлау және ағаштар мен жиектерді ақтау сияқты тазалау шаралары жүргізілген. Сондай-ақ жоба бойынша құсқа жем беретін астау, қараторғайлардың үйшіктері және қолда бар заттарды тиімді пайдалану арқылы аулаларды көркейту жұмыстары жасалды ■

КӘСІПТЕН – НӘСІП

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы – Қазақстандағы мемлекеттік қолдау мен бизнесті дамытудың басты құралы. Бағдарламада жас кәсіпкерлікті қолдауға айрықша көңіл бөлінген. Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы сіздерді ең қолжетімді «Жас кәсіпкерлер мектебі» («ЖКМ») жобасымен танысуға шақырады.

Қазақстан Республикасының 18-29 жас аралығындағы азаматтары «ЖКМ» жобасының тыңдаушылары бола алады.

«Жас кәсіпкерлер мектебі» жобасы келесі сұрақтарды көздейді:

- 1) жастарды кәсіпкерлік қызмет негіздеріне оқытуды;
 - 2) бизнес-жоспарларды дайындау бойынша консультациялық қызметтер көрсетуді;
 - 3) «ЖКМ» жобасына қатысушылардың бизнес-жоспарларын қорғауын ұйымдастыруды;
 - 4) «ЖКМ» жобасы тыңдаушыларының неғұрлым сәтті бизнес-жобаларын таныстыру арқылы өңірлерде «Идеялар жәрмеңкесі» конкурсын ұйымдастыруды;
 - 5) үздік бизнес-жобаларға, яғни «Идеялар жәрмеңкесі» конкурсының жеңімпаздарына қаржыландыру алуға жәрдемдесуді көздейді.
- Оқыту процесінде «ЖКМ» жобасының тыңдаушыларына кәсіпкерлік қызметті жүргізу және бизнес-жоспарды дайындау негіздері бойынша оқу-әдістемелік



материалдар, сондай-ақ шағын кәсіпкерлікті құру идеяларының анықтамалықтары ұсынылады.

«ЖКМ» жобасы аясында оқығаны үшін сертификат беріледі және бұл сертификат бағдарлама шеңберінде гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысуға құқық береді.

Осы сұрақтар бойынша толыққанды ақпаратты Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасына (Бұқар жырау, 49, «Қазақстан» Бизнес Орталығы, 8-қабат) немесе +7(7212) 504055 телефонына хабарласу арқылы ала аласыз.

Толығырақ ақпарат <http://img.damu.kz/1417672256.png> сайтында ■

ӘЛЕМДЕ ҚАНША МИЛЛИАРДЕР БАР?

Әлемде 2015 жылы байлығы 1 млрд доллардан асатын 2,4 мың адам болған. Бұл туралы Wealth-X ұйымының есебінде көрсетілген. Әлем миллиардерлерінің жалпы байлығы өткен жылы 7,7 трлн долларды құраған. Миллиардерлер байлығының жалпы көлемі көптеген елдің ЖІӨ-сінен жоғары. Тек АҚШ пен Қытайдың ЖІӨ-сіне ғана жетпейді екен.

Байлардың басым бөлігі Еуропада тұрады. Мұнда тұратын 806 адамның дүниесі миллиард доллардан асады. Бір жылда Еуропадағы миллиардерлер саны 4%-ға өсіп, жиынтық қаржысы 2,3 трлн долларды құраған. Солтүстік Америкадағы миллиардерлер саны – 628, Азияда – 645, Таяу Шығыста – 166,

Африкада – 41.

Миллиардерлер қатарындағы әйелдер саны – 294. Олардың байлығы – 876 млрд доллар. Миллиардер ерлердің орташа жасы – 63,2, миллиардер әйелдердің орташа жасы – 62,2 жас. Әлемдегі миллиардерлердің 85%-ы отбасылы.

Миллиардерлердің 70%-ы – бакалавр, 22%-ы – магистр, 9,5%-ы – ғылым докторы. Ұйым келтірген деректер бойынша, миллиардерлердің 56%-ы байлықты өздері тапса, 13%-ы мұрадан алған. Ал 31%-ы мұрадан алған байлықтарын өздері арттырған көрінеді. Негізгі табыс көзі – инвестициялар мен қаржы секторы ■

Құлаққағыс!



2016 жылғы 10 маусымнан бастап Астанада өтетін ЭКСПО – 2017 көрмесіне билеттерді онлайн сату іске қосылды. Билеттік бағдарлама көрмеге әрбір қазақстандық келе алатындай етіп әзірленген.

Астанадағы көрменің билеттік бағдарламасы – ЭКСПО өткізудің бірегей үлгісі. Атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы қатысушылары және мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар, жетім балалар және

6 жасқа дейінгі балалар көрмеге еркін қолжетімділікке ие болады. Билеттерді зейнеткерлер, көпбалалы аналар, студенттер және оқушылар жеңілдікпен ала алады.

Көрмені өткізу кезеңінде 2 миллионнан астам келушілер мен шамамен 5 миллион адам күтілуде. Қазіргі уақытта 89 ел және халықаралық 15 ұйым ЭКСПО – 2017 көрмесіне қатысатынын растады.

Билеттер сатылымға кезең-кезеңімен шығады. 10 маусымнан бастап промо-кезең өтеді, оның ағымында билеттерді барынша төмен бағаға сатып алуға болады, 20%-дан 50%-ға дейін жеңілдік ұсынылады.

Биыл 1 қыркүйектен бастап бүкіл Қазақстан бойынша офлайн кассалар ашылады. Ұлттық мерекелерді өткізу шеңберінде билеттерді шығып сатуды ұйымдастыру жоспарлануда. Сонымен қатар көрме билеттерін сатуда ЭКСПО – 2017 әріптестері, яғни «Қазпошта» АҚ, «Қазақстан теміржолы» ҰК, «Air Astana» АҚ іске қосылады.

Билеттер 2017 жылғы 9 маусымға дейін сатылады.

Билеттерді www.tickets.expo2017astana.com сайтынан алуға болады ■

Масқара!

ПОЛИЦЕЙ МЕН ЖҮРГІЗУШІ ОРЫН АУЫСТЫРДЫ



Полицейдің бетіне кіші дәретін шашып жіберіп, артынша ұрып-соқты деп айып таққан жүргізушіге қатысты сот үкімі шықты. Мәселені байыптап қараған сот төрағасы оны екі жыл мерзімге бас бостандығынан айыру және 200 АЕК көлемінде айыппұл төлеу жазасына кесті.

Сот барысында Елубаев ішімдік ішті деген күдікпен медициналық куәландыруға жеткізілгенде, Жезқазған ІІБ жол-патрульдік

полициясының инспекторы Төлеген Игібековке зәр шашқанын растады. Сонымен қатар ол арнайы көлік орындығын тепкенін және полицейдің қызметтік киімін жыртықанын да мойнына алды.

Еске салсақ, ішімдік ішті деген күдікпен медициналық куәландыруға жеткізілген жүргізуші полиция қызметкері Төлеген Игібековтің бетіне зәр шашып жібергеннен кейін, полиция қызметкері оны шапалақпен соғып қалған. Осы соққысы үшін 2016 жылдың сәуірінде полицей 5 жылға бас бостандығынан айырылған болатын. Кейіннен Қарағанды облыстық соты аты шулы іс бойынша сот үкімін өзгертіп, 5 жылға бас бостандығынан айыру түрінде тағайындалған жаза пробациялық бақылау белгілеумен шартты мерзімге өзгертілді. Ал 7 маусымда қаулы жарияланып, жазаны өтеуші полицей қамаудан босатылды ■

Шырғалаң

ТЕМІРЖОЛ МЕН ТАСЖОЛ ҚИЫЛЫСҚАНДА...



Қарағанды облысында тепловоз бен автобустың соқтығысуынан 18 адам зардап шекті. Оқиға Сәтбаев қаласындағы реттелмейтін теміржол өткелінде орын алған. Зардап шеккендердің барлығы – «Қазақмыс» корпорациясының қызметкері.

Ішкі істер департаменті таратқан ресми мәлімет бойынша, адам шығыны жоқ. Зардап шеккендердің барлығы жақын маңдағы ауруханаға жеткізілген. Ал дәрігерлер қазір төрт адамның жансақтау бөлімінде ауыр халде жатқанын мәлімдеді. Қалған он төрті түрлі бөлімшеге орналастырылыпты.

Қазір аталмыш істің анық-қанығын нақтылап, кінәлілерді анықтау мақсатында ҚР Қылмыстық кодексінің «Жол қозғалысы ережелерін бұзу немесе абайсызда адам денсаулығына орташа дәрежеде зиян келтіруге әкеп соққан көлік құралдарын пайдалану» бабы бойынша соталды тергеу шаралары жүргізілуде. Сондай-ақ корпорация тарапынан жол-көлік апатының себебін анықтау мақсатында арнайы комиссия құрылып, тексеру жүргізуде ■

Науқан

ЖЕТІМДІ ЖЕБЕГЕН КӘСІПКЕРЛЕР

Кәсіпкер келіншектер қайырымдылық шарасына белсене араласуда. Олардың демеушілігімен аймағымыздағы көпбалалы отбасылар мен аз қамтылған жанұя оқушыларына киім-кешек пен мектепке қажетті құрал-жабдықтар сыйға тартылды.

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы құрметіне Қарағанды облыстық іскер әйелдер қауымдастығының мүшелері 25 отбасына көмек көрсетуді бастап кетті. Бір ерекшелігі, қамқорлыққа зәру балалардың барлығының басын қосып, сауда орындарына апарып, керегін өздеріне тандатып алды. Сөмке оқуға қажетті құрал-жабдыққа лық толы. Заттардың да сапасы жоғары. Олардан көмек алғандардың бірі – Жанар Жұмақаева. Жалғызбасты ана екі бала тәрбиелеп отыр. Бірі жоғары оқу орнында, екіншісі мектепте оқиды. Кәсіпкерлер көмегінің арқасында оның балалары оқуға



қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтылды.

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында өткізіледі. Іскер әйелдер қауымдастығының Қарағанды облыстық филиалы балалардың 1 қыркүйекке сақадай сай әзірлікпен баруына жағдай жасап, заттардың бәрін 30 тамызға дейін тапсырып үлгеруді жоспарлап отыр ■

Тарих

«ПИРАМИДА» ТАБЫЛДЫ

Қарағандылық археологтер ерекше құрылыстың орнын тапты. Қарағандыдан 120 км қашықтықта орналасқан Талды ауылының маңынан табылған мавзолей пирамиданың қалдығы болуы да мүмкін.



Ғалымдардың айтуынша, табылған олжа мысырдағыдай алып болмағанымен, Ұлы дала үшін бірегей архитектура саналады. Қорған біздің дәуірімізге дейінгі ХҮ-Х ғасырларды қамтиды. Ежелгі құрылыстың қазіргі биіктігі 2 метр, 5 қабат қабырғадан тұрады.

Осындай құрылыс сапасын ескерген ғалымдар оның осыдан 3 мың жыл бұрын Сарыарқаны мекендеген жергілікті тайпалардың көсеміне арнап салынған болуы мүмкін екенін болжап отыр.

«Мұндай құрылыстарды салатын тайпаларды киммериялықтар деп

атайтын. Аймағымыздағы бұл ежелгі құрылысты салған тайпалардың өздерін қалай атағаны белгісіз. Сондықтан бұл ескерткішті соңына дейін қазып, зерттеу жұмыстарын жүргіземіз. Қола дәуіріндегі тайпалардың тұрмысын осы зерттеу жұмыстарының қорытындысынан білуге болады», – дейді археолог Виктор Новоженев ■

Үміт

ҚАЙЫРЛЫ ІСТІҢ ҚАЙЫРЫМЫ БАР



Кез келген қайырлы істің қайырымы болады. Осыдан бір жыл бұрын халықтың ем-домға деп жинап берген 5 млн теңгесін өзге балаларға бөліп берген қарағандылық Нияз Сүндетәлиевке отандық нейрохирургтер үміт сыйлады. Президент іс басқармасы медициналық орталығының мамандары оған тегін ота жасауға дайын.

Қайсар жігіттің өзі науқас болғанымен, аймақтың қоғамдық өміріне белсене араласады. Өзінің жеке блогын жүргізіп келеді. Түрлі қайырымдылық шараға қатысып, жетім балаларға қолдау көрсетуге мұрындық болуда. Осынымен де әлемге танымал болды. Осыған дейін Ниязға үндістандық дәрігерлер ем көрсетуге дайын екенін мәлімдеген болатын, енді отандық ғалымдар да білек сыбанып отыр.

«Маған «Ұлт саулығы» бағдарламасының Бас

редакторы хабарласты. Қазір олар отандық медицина жайында бірқатар бағдарлама түсіріп жатыр екен. Бағдарлама «Хабар» телеарнасынан көрсетіледі. Олар маған Астанадағы ҚР Президентінің іс басқармасы медициналық орталығына жатуымды ұсынды. Операциядан кейін денсаулығым біршама қалпына келеді деген үміттемін», – дейді Нияз Сүндетәлиев ■

ЕЛГЕ ЕЛУ СҰРАҚ

Әр адам өзіне сауал тастасын. Сауалда «дұрыс» немесе «дұрыс емес» деген ұғым болмайды. Әрбір сауалдың астарында жауап жатыр.

- 1Өзіңізге қанша жас берер едіңіз?
- 2Ең жаманы қайсы: сәтсіздікке ұшырау ма, әлде батылдық танытпау ма?
- 3Егер өмір соншалықты қысқа болса, онда неге өзіміз қаламаған нәрселерді көп істейміз де, өзіміз қалаған нәрселерге аз уақыт жұмсаймыз?
- 4Егер жұмыс бітсе, бәрі айтылса және бәрі жасалып қойылса, онда ол ненің арқасы: әңгіменің бе, әлде уақытты тиімді пайдаланудың ба?
- 5Егер сізге жер бетіндегі бір нәрсені өзгертуге мүмкіндік берсе, онда нені өзгертер едіңіз?
- 6Ақша табу басты мақсатыңыз болса, қалай байитын едіңіз?
- 7Өзіңіз сенетін нәрсемен айналысасыз ба, әлде өзіңіз айналысқан нәрсеге сенім артасыз ба?
- 8Адамның ғұмыр жасы орта есеппен 40 жылдан аспайтын болса, сол уақыт аралығында өміріңіз қызықты өтуі үшін не істер едіңіз?
- 9Өміріңізде болып жатқан оқиғалар қаншалықты маңызды?
- 10Сізді көп мазалайтын не нәрсе: бір нәрсені дұрыс жасау ма, әлде дұрыс бір нәрсе жасау ма?
- 11Өзіңіз қатты сыйлап, құрметтейтін үш адаммен дастархан басында отырсыз. Олар сіздің жақын досыңызды (олар мұны білмейді) балағаттап, сынға ұшыратып жатыр. Бұл сындары әділетсіз. Не істер едіңіз?
- 12Егер балаңызға бүкіл өмір бойына бір ғана кеңес бере алар болсаңыз, онда не айтар едіңіз?
- 13Жақсы көретін адамыңызды құтқару үшін заңды бұзуға дайынсыз ба?
- 14Ақымақтық көрінген тұстан данышпандық көрінсе, қайтер едіңіз?
- 15Бұл өмірде (өзгелерге қарағанда) нені керісінше жасап жатырсыз?
- 16Сізді бақытқа бөлейтін нәрсе басқаларды бақытқа бөлей алмайды. Қалай болғаны сонда?
- 17Өлі күнге істей алмаған, бірақ қатты қалап жүрген нәрсеңіз не? Сізге не бөгет?

- 18Әлдеқашан қоштасу керек нәрсеге әлі күнге жармасып келесіз бе?
- 19Егер сізге сырт елдердің біріне өмір бойына тұруға ұсыныс жасалса, қайда көшер едіңіз және неліктен?
- 20Лифттегі тетікті бірнеше рет басқаннан оның жылдамдығы өзгереді деп ойлаيسىз ба?
- 21Қайсысы болар едіңіз: жүйкесі тозған данышпан ба, әлде бақытты ақымақ па?
- 22Сізді «сіз» қылып тұрған не?
- 23Дәл өзіңіздей адамды дос қылар ма едіңіз?
- 24Қайсысы жаман: ең жақсы досыңыздың шетелге көшіп кеткені ме, әлде араласпай көрші тұрғаны ма?
- 25Бұл өмірде ең бірінші не нәрсеге алғыс айтар едіңіз?
- 26Қайсысын қалар едіңіз: өткен күннің барлық естелігін жоғалтып алуды ма, әлде жаңа естеліктердің болмауын ба?
- 27Шындыққа күреспей жетуге бола ма?
- 28Сіздің ең үлкен қорқынышыңыз ақиқатқа айналып отыр ма?
- 29Есіңізде болар, 5 жыл бұрын қатты күйзеліп едіңіз ғой? Қазір сол күйзелістің мағынасы бар ма?
- 30Балалық күннің ең бақытты естелігі деп нені айтар едіңіз? Сыры неде?
- 31Өткен күннің қай оқиғасы тірлік пен өмір сүруді сезіндірді?
- 32Егер қазір орындалмаса, онда қашан?
- 33Егер осы қалағаныңызға жетпеген болсаңыз, онда нені жоғалтып алудың алдындасыз?
- 34Басыңыздан мынадай жайт өтіп пееді: біреумен бірге отырсыз, бірақ әңгімелескен жоқсыз. Артынша өміріңізде ең маңызды әңгіме орын алғандай әсер қалдырды?
- 35Махаббатты насихаттайтын дін атаулысы неліктен барлық соғысқа себепші болып отыр?
- 36Ненің жақсы, ненің жаман екенін күдіксіз-ақ білуге бола ма екен?



- 37Егер қолыңызға миллион доллар берер болса, жұмыстан шығып кетер ме едіңіз?
- 38Қайсысын қалар едіңіз: жасап тасталуы тиіс көп жұмысты ма, әлде өзіңіз ұнататын аз істі ме?
- 39Бүгінгі күн бұған дейін мың рет қайталанғандай әсер қалдырды ма?
- 40Бір ғана ойға деген сеніммен бүкіл істі соңғы рет қашан тындырып тастадыңыз?
- 41Егер сіз танитын жанның бәрі ертең өлер болса, онда бүгін қайсысына барар едіңіз?
- 42Өміріңіздің 10 жылын атақ пен танымалдыққа қияр ма едіңіз?
- 43Тірлік пен өмірдің айырмашылығы неде?
- 44Тәуекел етіп, үлкен іске қашан кірісетін боласыз?
- 45Егер қателіктерімізден сабақ алар болсақ, онда неге қателік жасаудан қорқақтаймыз?
- 46Ешкімнің кінәлай алмасын біле отырып, не нәрсені басқаша істер едіңіз?
- 47Соңғы рет қашан өз жүрек дүрсіліңізді тыңдадыңыз?
- 48Сүйіспеншілігіңіз не? Соңғы рет қашан махаббатты білдіретін іс-қадамдар жасадыңыз?
- 49Кеше, арғы күні, оның арғы күні не істегеніңіз есіңізде ме?
- 50Шешімді өзіңіз қабылдайсыз ба, әлде біреуге тәуелдісіз бе? ■

Дайындаған Ерболат ҚУАТБЕК

САЛЫҚТЫҢ САЛҒЫРТТЫҒЫ, ШУМКИННІҢ ШУЫ

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ ■ nurlyhan93@mail.ru

Қарағанды қаласындағы көпқабатты үйлердің көпшілігінде пошта жәшігі жоқ, ал барларының жайы мәз емес. Есіктері түсіп қалған немесе құлыпталмайды. Былай қарасаңыз, дабыл көтерерлік мәселе емес тәрізді. Бірақ халықтың ақпараттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп отырғаны да – осы нәрсе. Мәселен, ай сайын үйіңізге коммуналдық және салық төлемдерінің түбіртегі келеді. Оны таратушылар, тұрғын үйде пошта жәшігі болса, соған салып кетеді. Ал егер болмаса ше? Онда әр пәтердің есігіне яки әйнектің алдына қалдырып жүре береді. Ол түбіртектерде сол пәтерде тұратын азаматтардың аты-жөні, ЖСН, дүние-мүлкі туралы ақпараттар берілуі мүмкін. Егер бұл ақпараттар алаяқтардың қолына түсер болса, сол пәтердің иесін сарсаңға салып қояры анық.

Павел Шумкиннің

салықшылар жұмысына наразы болуының да басты себебі осында жатыр. Ол салық төлемі туралы түбіртекті көпқабатты үйінің дәлізінен тауып алған және онда өзі туралы барлық мәлімет бар екенін көрген соң, көңіліне үрей ұялаған. Олай болатын да жөні бар. Себебі бұрынырақта бұл азамат алаяқтар құрбаны болған еді. Ол кезде Павел Шумкин жеке бас куәлігін жоғалтып алады. Бірнеше күннен соң ХҚКО-ға барған кезінде, өзінің кәсіпкер болып шыға келгенін бір-ақ білген. Жоғалған құжатты тауып алған алаяқтар мұның атынан фирма ашып, кәсіп бастап кетсе керек. Әрі, заңгерлердің айтуынша, қазір – технологияның дамыған заманы, яғни кез келген адамның жеке басына қатысты мәліметтерді қолға түсіре отырып, талай дүниені бүлдіруге болады. Мәселен, оның атындағы дүние-мүлкті

Қарағандылық тұрғын Павел Шумкин салық органдарының жұмысына наразылық танытып отыр. Өйткені олар азаматтардың жеке бас құпияларына салғырт қарайды. Ал мұның соңы қарапайым халықтың алаяқтар торына түсіп қалуына әкеп соғуы да мүмкін. Бірақ бұл мәселеге бас ауыртып жүрген адамның қарасы аз. Хош делік, халықтың бір парасы заңды біле бермейді, олардың бұл әрекетін білместіктен дейік. Ал заңды бес саусағындай білуі тиіс мемлекеттік қызметкерлердің тығырықтан шығар жол таппай, еш шара қолданбай қарап отыруы қай сасқаны?

басқаның атына аудару, банктен несие ресімдеу т.б. Әрине, қарапайым адамдар үшін мұның мүмкін емес болып көрінетіні анық. Бірақ кәсіби алаяқтар үшін оның еш қиындығы жоқ екен.

Қарағанды қаласында салық төлемінің түбіртегін коммуналдық төлемнің түбіртегімен бірге «Қарағанды ЖылуСбыт» компаниясының қызметкерлері таратады. Бірақ олар жеке басқа қатысты ақпараттар сақталған қағазды тұрғындардың қолына не себепті тапсырмайтынын айтудан бас тартып отыр. Ал Мемлекеттік кіріс басқармасындағылар болса, заң талаптарына сәйкес, салық төлемі туралы түбіртекте азаматтардың аты-жөні, салық көлемі және ЖСН болуы керектігін айтуда. Ал бұл

қағазды тұрғындардың қолына тапсыру үшін өздерінде жұмыс күші жетіспейді екен. Сондықтан баяғы әдіспен жұмыс істеуге мәжбүр. Бұл мәселенің жақын арада шешіле қоюы да екіталай ■



Ерболат ҚУАТБЕК ■ erbolat_q@bk.ru

ЖЕМҚОР ОФИЦЕР КІМГЕ ПІР?

Әскерилер арасындағы қылмыс түрінен жемқорлық бірінші орында тұр. Бұл – соңғы бес жылдың көрсеткіші. Бұл туралы Қарағанды гарнизонының әскери соты өткізген «Ашық есік» күнінде белгілі болды. Халықтың тыныштығын күзетіп, ел шекарасын қорғайтын сақшылардың арасында қара басының қамын ойлайтын сатқындардың көптігін осыдан-ақ байқауға болады.

Өткен жылы Қарағанды гарнизонының әскери соты жемқорлыққа жол берген әскери төрт қызметкерді жазаға тартты. Ал биылғы жыл басынан бері екі адам заң алдында жауап беріп, оларға үш жарым миллион теңге айыппұл төлеу жазасы қолданылған.

Әскери сот қарауына түскен қылмыстық іс саны өткен жылдағыдан еш өзгермеген. Жыл басынан бері әскери алты қызметкердің үстінен қылмыстық іс қозғалыпты. Бас бостандығынан айырудан басқа да жазалар қолданылды. «Ашық есік» күнінде медиация заңы туралы да айтылды. Сонымен қатар «Сот кабинеті» электрондық жүйесінің жұмысы жайлы ақпарат берілді ■



ҚР Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов қазақтарды тағы да алдады. Күні кеше Ресей Премьер-министрі Дмитрий Медведевпен кездесер алдында Кенесары мен Кейкі батырдың бастарын сұрауға уәде берген Қажымқанұлы бұл уәдесінде тұрған жоқ. Нақтысын айтқанда, тек Кейкі батырдың ғана Ресей музейінде сақталып тұрған бас сүйегін қазаққа қайтарып беру мәселесін көтерді. Ал хан Кененің атын айту Мәсімовтің есінен шығып кетті ме, әлде орыс премьерінің мысы басты ма, әйтеуір, тағы да сұралмады.



ПИАРДЫ ПИҒЫЛ БИЛЕЙДІ

Жалпы, Мәсімовті тілінен ешкім тартқан жоқ, Кенесарының басын қайтару туралы оның атына бірде-бір депутат сауал тастамады. Тіпті, бірде-бір тарихшы қазақтың соңғы ханының басын алдыртайық деп Мәсімовке ресми ұсыныс та айтпаған. Оның өзі әлеуметтік желіде: «Медведевпен кездесуде Кенесарының басын елге қайтару мәселесін көтеремін», – деп көсілді.

«Қазақ – қойдай жуас, аңғал, аңқау халық» деген теңеудің рас екеніне осы Үкіметтің фондында жиі көз жеткіземіз. Міне, кешегі Мәсімовтің кезекті уәдесіне халық тағы алданды. Бүкіл БАҚ өкілі, әлеуметтік желілер оның Твиттерде жазған екі ауыз сөзін көшіріп басып, сүйіншілеп, шуласып жатқанына куә болған едік. Сөйтсек, Кәрім Қажымқанұлы жай PR-қадам жасаған екен. Өйтпесе тек Кейкінің емес, Кенесарының да басын Медведевтен сұраған болар еді ғой...

«Біздің ұлт-азаттық қозғалыс

көшбасшыларының бірі Кейкі батырдың бас сүйегі Ресей Ғылым академиясына қарасты Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейінде сақтаулы. Сізден осы батырымыздың басын елге қайтарудың жолдарын қарастырып көруді сұраймын. Бұл қазақтар үшін өте маңызды», – деді Кәрім Қажымқанұлы Дмитрий Медведевпен кездесу кезінде. Кенесары туралы жақ ашқан жоқ. Өз кезегінде Д.Медведев Кейкі батырдың басын қайтарып беруге қалай да ықпал жасауға уәде берді. Бірақ ол да Кенесары туралы бір ауыз сөз айтпады.

Белгілі саясаттанушы Айдос Сарымның айтуынша, Мәсімовке қазір «арзан» пиармен емес, нақты іспен айналысу қажет. Ел ішінде қордаланған өзекті сұрақтардың жауабын табуы керек. Нағыз имидж, нағыз пиар деген – сол. Ал оның екі түрлі шұлық киюі, велосипедімен ереже бұзып, айыппұл төлеуі халыққа түк қызық емес ■

УӘДЕН ҚАЙДА?



Қарағанды облысы әкімі Нұрмұхамбет Әбдібековтің баспасөз қызметі әлеуметтік желілерде #uadekrggovkz хештегін іске қосты.

деп жазылған. Енді аймақ тұрғындары уәденің орындалуын біркісідей бақылайтын болады. Сондай-ақ облыс тұрғындары өздері де жоғарыдағы хештег бойынша жазба қалдыра алады.

Сонымен қатар Н.Әбдібековтің баспасөз қызметі әкімдіктер

«Кейде қарапайым халық: «Уәдең қайда?» дегенде, атқарушы билік: «Біз орындадық!» деп жауап бергісі келеді. Жауап бере алады да. Бірақ айналамыздағы ең маңызды немесе аса маңызды емес оқиғалар бізден тысқары қалады. Ендеше, уәде берілді ме, нәтижесін де, орындалуын да #uadekrggovkz хештегі арқылы бірге бақылайық»-деп әлеуметтік желілерде үн тастады әкімдіктің баспасөз-қызметі.

Аталған хештег бойынша алғашқы жазбада «Көкпекті көпірі 30 тамызда ашылады»деп уәде берілді #uadekrggovkz»-

арасында республикада алғаш болып Telegram әлеуметтік желісінде Presskrg ботын (автоматты жауап) іске қосты. Өзірше бұл бағдарлама тестік режимде жұмыс жасауда. Енді облыс тұрғындары бот арқылы шағым-өтініштерін ғана жіберіп қоймай, кезеккүттірмейтін сұрақтарын қоя алады. Мысалы: «Үй кезегіне тұру үшін қандай құжаттар қажет?» немесе «Әкімінің қабылдауына қалай жазыла аламын?». Ал жауап қас-қағым сәтте келіп түседі ■



ГЕНА ШАҚЫРАДЫ

Кәсіпқой боксшы Геннадий Головкиннің туған қаласы Қарағанды ЭКСПО-2017 туристерін шақырады. «Әлемге танымал боксшы, ЭКСПО-2017 елшісі Геннадий Головкин туып-өскен Қазақстанның әсем қалаларының бірін көру мүмкіндігін жіберіп алмаңыздар. Қарағанды таза және жап-жасыл көшелерімен, ескерткіштерімен және архитектуралық үздік туындыларымен танымал. Сондай-ақ, қалада ТМД бойынша жалғыз - экологиялық музейді көруге болады», - делінген ЭКСПО-2017 ресми Facebook парақшасында.

Одан бөлек, табиғат аясын сүйетіндер жергілікті халық «дала шатыры» атап кеткен Ақсораң төбесінен әсем көріністі тамашалап, Алтынтөбедегі сирек кездесетін аширит-диоптаз тасы кенінің орнына бара алады.

Белсенді демалысты қалайтындарға Қарқаралы ұлттық паркінің курортты аймақтарын көру ұсынылады ■

Қара жағалау Биг-Айленд атты гавайлық аралда орналасқан Хило қаласының оңтүстігінен орын тепкен. Халық бұл мекенді «Пуналу жағалауы» деп атайды. Бұл – жай ғана жағалау емес, қара құмның ауытқушылығына (аномалия) арналған тұтастай бір саябақ. Жағажайдың түсі мұхит суына қосылған лава тасқындарын толқынның жиекке шығарып тастауынан пайда болады.


Қара жағалаудың да өзіндік пайдасы, өзіндік ерекшелігі бар. Онда демалатын адамдардың қатары өте сирек. Яғни сізді ешкім мазаламайтын болады, у-шудан біржола құтыласыз. Әсіресе оның сыртқы көрінісі, көзіңіз үйреніп кеткеннен кейін, ерекше әсер қалдырады.

ҚАРА ЖАҒАЛАУ

Жағалаудың адам көзінен тасада жатқан тағы да бір кереметі бар. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, жағалаудың астынан тұщы су ағады екен. Тұщы су өте салқын және мұхиттың ащы суымен араласып кетпейді.

Бір жақсының бір кемшілігі болуы да заңды. Ашық күндері қара құм әдеттегі құмға қарағанда екі-үш есе қатты қызады. Сондықтан ыстық күндері құмды жалаңаяқ басу туралы ойламай-ақ қойсаңыз да болады.

Қара жағалаудың қожайындары – тасбақалар. Өйткені мұнда тасбақа саны адамнан көп. Ешкімге зияны жоқ жайбасар «тұрғындар» заңмен қорғалады. Мұнда келетін қонақтардың оларға залал келтіруіне немесе өлтіруіне тыйым салынған ■



ҚҰРЫЛЫС — ТЫЛСЫМ ҚҰБЫЛЫС

Бізге дейін мың жыл бұрын өмір сүрген адамдар қиялымызға кіріп-шықпайтын құрылыстар тұрғызған. Ғалымдар бұл құрылыстарды кімдердің не үшін және, ең бастысы, қалай салғаны туралы ғасырлар бойы бас қатырып келеді. Және таңғажайып оқиғаларға толы түрлі теория айтады.

Әсемдігі және жұмбағымен баурап алатын ғасырлық құпияға жақындап көруге тырыстық. Бағасын өзіңіз берерсіз.




Стоунхендж, Англия. Эпос бойынша, тас кешенін сиқыршы Мерлин тұрғызған. Шын мәнінде, Стоунхендж король Артурдың өмірлік серігі пайда болды делінген уақытқа дейін пайда болған. Бірақ жүздеген шақырымнан табылған, тас қашалған орындағы ауыр үйінділерді қалай тасымалдаған? Құрылыстың не үшін салынғаны да түсініксіз: обсерватория (мegalиттердің орналасуы – Күн жүйесінің нақты үлгісі) немесе ғибадатхана (кельт абыздары – друидтер дәл осындай сапада пайдаланған) болғаны белгісіз.



Баальбек, Ливан. Ертеде өркендеп тұрған қаланың қираған үйіндісі – антикалық стильдегі шіркеу ансамблі. Алайда римдіктердің салмағы 1000 тонна болатын тас блоктарды қоятын технологиясы болмады (іргетасында дәл осындайлар жатыр). Салыстырмалы түрде: афиналық Парфенон ливандық алыптан екі есе

кіші, ал Хеопс пирамидасының ең ірі саналатын бөлігі «бар-жоғы» 90 тонна тартады. Оның іргетасын «мысырлықтар салды» делінеді, кейде, тіпті, «алыптар соққан» дейді. Кейбіреулер мұны Вавилон мұнарасының негізі деп есептейді.



Ньюгрейндж, Ирландия. Жол салушылардың XVII ғасырда ескерткішті ойда жоқта тауып алғанына қарамастан, оны зерттеу жұмыстары үш ғасырдан кейін ғана басталды. Қазба жұмыстарының нәтижесінде дөп-дөңгелек, диаметрі өте үлкен және мысыр пирамидаларынан ертеректе салынған қорған ашылды. Археологтер оның қақ ортасынан ежелгі мүрдені тапты. Күн тоқырауында тұрған кезде, нағыз астрономиялық құбылысты байқауға болады: Күн сәулесі камераны біртіндеп жабады. Ирландықтардың сенімі бойынша, бұл жер – эльфтер мен перизаттардың еліне апаратын есік.

Кавказ дольмендері, Ресей. Тау бөктерінде жалпақ тастардан құралған үйлер шашылып жатыр. Алдыңғы жақтарында тығынмен жабылатын тесігі бар. Бір таңқаларлығы, тақтайлардың салмағы тоннаға жуық, алайда олардың үйлесімділігі сонша, арасынан пышақтың қыры да өтпейді. Сонымен қатар артефактілердің жасы бес мың жылға жуық. Кей мүсін, мысалы, Волкондық,



емдік қасиеттерімен танымал. «Дольмендік дәстүрдің» Жер бетінің әр жерінде бар екені де – таңғаларлық жайт.



Тикаль, Гватемала. Майя тайпасының ірі қалаларының бірі жасыл джунглиге тығылған. Мұнда жасанды тоғандар да, доп ойнауға арналған алаң да, сарайлар да бар. Бірақ ерекше назар пирамидаларға түседі. Олар даму кезеңіне сәйкес уақыт заңдылығымен салынған. Олардың міндеті жайлы теория аз емес: діни құрылыстар, ғылыми орталықтар, зираттар немесе бөрінің қосындысы. «Тикаль» атауының этимологиясы да түсініксіз. Есесіне оған түсініктірек «атау» бар: Дауыстар қаласы. Себебі сыбыстың өзі қатты жаңғырады.

Заяцкий үлкен лабиринті, Ресей. Соловецкий архипелагы аралдарын әлем-жәлем тас пілтерлер, яғни шыршық пішінді лабиринттер әсемдейді. Жергілікті тұрғындар оларды «вавилон» деп атайды. Кіретін және шығатын жері бір, яғни қойтастардан түзілген іздермен тура жүріп отырса, біраз уақыттан кейін кірген жеріңнен шығуға болады. Бірақ ертеде бұл не үшін қажет болды? Кей ғалым мұның



пайдалы жағы жайлы айтады: балықтарға арналған қақпан. Енді бірі «көңіл көтеруге, мәселен, ойындар мен хормен жүруге арналған орын» дейді. Бірақ көпшілік мұның о дүниемен байланысқа түсіретін салттық құрылыс екеніне сенімді.



Петра, Иордания. Теңіз деңгейінен 900 метрде орналасқан алып «ұяшық» жартастар арасында тұр. Петраның бар сұлулығын қырнау үшін шеберлерге асқан сабырлық танытуға тура келген. Осылайша Сид каньонының салқын аймағында Эль-Хазне (араб тілінен аударғанда – «асыл қазына»), яғни діңмаңдайша мен бағаналардан тұратын таңғажайып көрініс ашылады. Бәлкім, шіркеу, бәлкім, кесене болуы мүмкін. Көптеген құпияны жасырған бұл құрылыстың бір түсініксізі – оюшылар немен және қалай жұмыс істеген? Құрылыс ағашынсыз ою мүмкін емес, бірақ оларды қайдан алған?

Тас шарлар, Коста-Рика. Тынық мұхиты жағалауындағы тарихқа дейінгі петросфералар вандализмнің құрбанына айнала жаздады: оларды тауып алған жұмысшылар ішінде алтын бар деп сенген. Қалай болғанда да, артефактілер зақымданды: туристерді тарту үшін оларды



Терракоталық әскер, Қытай.

Цинь Шиху-анди қабірі сегіз мыңнан астам қытай сарбазы мен аттарын жасырып жатыр. Салт-дәстүрге қарамастан, оларды қолбасшымен бірге көмген. Біздің заманымызға дейінгі 200 жылдардағы қолдан жасалған әскер адам бойымен бірдей, өте ұсақ бөлшектеріне дейін бір-бірін қайталамайтын тұр-келбетпен жасалған. Сондықтан қазба жұмыстары кезінде (1970 жылдан бері жалғасып келеді) өте абай қимылдауға тура келген.



Ангкор-Ват, Кам-боджа.

Еуропалықтар бұл кешен жайлы ХІХ ғасырға дейін білмей келді. Ал білген соң, мұны кхмерлердің салғанына күмәнданды. Қабырғасы өте қалың қаланған, кей тұсында жігі көрінбейді. Тастары өте тегіс. Конструкциялар өз салмағының арқасында тұр. 200 ғибадатханадан тұратын ансамбль, жолаушы қай жақтан келе жатса да, олардың үшеуін ғана анық көре алатындай етіп салынған. Жауын-шашын маусымында Ангкор-Ват тамаша көрініске ие болады: суға толы кең ор кешенді шексіз мұхиттың арасындағы аралға ұқсатады.

Тимбукту, Мали.

Аңыз бойынша, қала Букту әжей мен оның құдығының («тим» туарег тілінде) арқасында пайда болған. Ол барлық керуенді қуана қабылдап отырған. Бұл қала ортағасырлық өтірік әңгімелердің басты кейіпкері болған: алтыннан жасалған көшелер, дана тұрғындар... Африкалық Эльдорадоны бағындырғысы келген батылдар қайтып оралмаған. Осылайша француз Рене Калье қажылыққа баратын адамша киініп, қалаға аттанады. Балшықтан жасалған ғимараттардан тұратын кедей қаланы көргенде, оның таңданысында шек болмады. Ерекше архитектуралы мешіттер қазірде саяхатшылардың сүйікті мекеніне айналды.



Пасха аралының мүсіндері, Чили.

Тынық мұхитының құрғақ аймағында алып моаилер орналасқан. Оларды бір орыннан бір орынға тасымалдаған және төңкерген деген болжам бар. Қасында жансыз тұлғаның өзінен де ауыр салттық тіреулері де бар.



Өкінішке қарай, бұл мүсіндердің сырын ашатындар құл иеленушілердің кесірінен баяғыда өліп қалған. Құпияны ашудың бір ғана амалы – үнсіз мүсіндердің өзінен сұрау. Үлкен Сфинкс, Мысыр. Құм арасындағы орасан зор мүсін – әлемнің ең үлкен құпияларының бірі. Бұл фараондардың қолынан шыққан іс деп саналды. Алайда олар Сфинксті қайта жаңғыртты. Жолбарысқа ұқсайтын оның денесі атыздармен желініп кеткен. Егер болжауға ерік берсек, бұл – ұлы топан судың ізі. Сонымен қатар, бір қызығы, басы дене үйлесімділігімен сәйкес емес. Іші де алып екені және бөлмелер бар екені анықталған. Оларды зерттеу түрлі оқиғаның орын алуына, биліктің қарсылығына әкелді. Бәлкім, бұл сахара күзетшісі емес, мысалы, батып кеткен Атлантидадан қалған құпия білімнің күзетшісі болар? ■

Дау

ТӨРЕШІ ТӨРДЕН ТАЙСА...

Бокстан Ресей құрамасының бапкері Эдуард Кравцов vesti.kz порталының тілшілеріне сұхбат беріп, Василий Левит пен Евгений Тищенконың финалдық кездесуіне бағасын берді. Айтулы жекпе-жекте төрешілер қазақстандық боксшының белсенділігі жоғары болғанына қарамастан, жеңісті Тищенкоға берген болатын.

«Мұнда не айтуға болады? Барлығы да кімнің жеңгенін көрді! Мен әрқашан әділ төреліктің жағындамын, бапкерлер мен спортшыларды әділ бағалағанын қалаймын. Біз, бапкерлер, бокстың басында тұрғандықтан, Василий мен оның бапкерлеріне және жалпы боксқа жасалған қиянатты көрдік, ондайды қаламаймыз. Бокста болып жатқан

мұндай әділетсіздіктер спортты тек ластайды. Өкінішке қарай, бұл – әділетсіз өткен жалғыз жекпе-жек емес, мұндай жағдай дәстүрге айналып барады. Біздің боксшы да рингке жеңіс үшін шықты, барын салды. Бірақ төрешілердің әрекеті үшін ол кінәлі емес», – дейді Кравцов шуға ұласқан жекпе-жек жайлы.

Ал ресейлік танымал промоутер Владимир Хрюнов қазақстандық боксшы Василий Левиттің шеберлігін жоғары бағалап, оған Вэл Баркер атындағы кубокты беру керек деп санайды. Маманның сөзіне қарағанда, Левит кәсіби боксқа ауысуға толығымен дайын.

Айта кетейік, Левиттің жеңілісі Қазақстан қоржынына күміс медаль алып келді ■

Мәссаған!

МЫҢ ҚҰБЫЛҒАН МИНИСТР

Мәдениет және ақпарат министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы режиссер Талғат Жәнібековке қатысты сотқа берген арызын қайтарып алды. Мәдениет және ақпарат министріне қатысты Астана қаласының Жемқорлыққа қарсы қызметі тергеу басқармасымен бопсалау бойынша қозғалған қылмыстық іс тоқтатылды.

Министрдің құқығын қорғаған заңгер Ескендір Өлімбаевтың айтуынша, аталмыш қылмыстық іс Талғат Жәнібековтің мәлімдемесінен кейін қозғалған. Оның нәтижесі бойынша, Мәдениет министрлігінің лауазымды қызметкерлері тарапынан ешқандай заңбұзушылық анықталмаған.

«Алдын ала тергеу барысында, яғни бетпе-бет сөйлесу кезінде режиссер өзі айтқан сөздерден бас тартты. Ол оның сөзін дұрыс түсінбеді, нақты ештеңе меңземегенін айтып ақталды.

ЭКСПО

БАНК КЕЛСЕ, БАҚ КЕЛЕДІ

ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесі Астанада өтетіндіктен, әлем назары біздің елге ауа бастады. Көрмеге келген қонақтарды туған жердің тұнған тарихы таңдай қақтырмай қоймасы анық. Әсіресе көне Отырар мен киелі Түркістан көпшіліктің назарында болатыны сөзсіз.

Осындай мақсатпен Отырар ауданына Дүниежүзілік банктің консультанттары Шаолянь Ванг пен Матс Андерсондар арнайы ат басын бұрды. Қадірлі қонақтарды қарсы алған аудан әкімі Ерлан Айтаханов Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайымен таныстырды. Сонымен қатар меймандар мұражай маңынан бой көтеріп жатқан, ХІ-ХІІ ғасырлардан сыр шертетін этноауыл кешенін тамашалады. Сөйтіп, сан ғасыр бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігімен жіті танысуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ Дүниежүзілік банк өкілдері бабтардың бабы атанған Арыстан баб кесенесіне де зиярат етті. Мұнда жаңа қонақүй мен мұражайдың

сызба жобаларымен танысты.

Сонымен қатар Отырар қаласының төңірегіндегі Құйрықтөбе, Алтынтөбе, Бесіктөбе, Пышақшытөбе, Мыңшұқыр керамикалық шеберханасы, Мардантөбе, Күйіктөбе сынды көне қалашықтарды аралап көрді. Мұндағы туристерге сервистік қызмет көрсету кешені жобасы, Отырартөбедегі қала қақпасы мен көне Отырар қонақтардың назарын ерекше аударды.

Аудан әкімі Ерлан Қуанышұлы болса, туристерге қолайлы жағдай туғызу үшін алдағы уақытта атқарылуы тиіс ауқымды жұмыстардың күтіп тұрғанын атап өтті. Сондай-ақ осынау жобаларды жүзеге асыру үшін қомақты қаржы қажет екенін де тілге тиек етті. Жергілікті әкімдік тарапынан айтылған ұсыныстар Дүниежүзілік банк тарапынан қолдау табатын болса, аудан көлемінде көптеген келелі іс атқарылмақ. Өз кезегінде бұл – отандық туризмнің көшін ілгері жылжытуға септігін тигізері сөзсіз ■

«ПОЭЗИЯ – ҚАННЫҢ СИЯҒА АЙНАЛУЫ» Т.ЭЛИОТ

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ: «АҚЫН ДЕГЕН БІР ҰЛТ БАР»

ҚАЗАҚИЯ

Қазақиям – азат ұям,
Қоңыр жұртым, ұлы елім.
Қаңқылдаған қаз атынан
Сөз саптаған сүлейім.

«Қанға – қан!» деп,
«Жанға – жан!» деп,
Атам қазақ үйреткен.
Өтті ғасыр сандаған көп
Ақ сойылын сүйреткен.

Шыңбысың сен – Хан-Тәңірім,
Өлде Бетпақ – шөлмісің?
Қаңсыса да қантамырың,
Қыңқ етпейтін көнбісім.

Тасыдың да жуасыдың,
Түпсіз арнаң толсашы,
Дүниенің күнәсінің
Жуылатын моншасы.

Аялаған азаттығым
Бұл-бұл ұшса басымнан,
Кімге керек қазақтығым
Мақтан еткен жасымнан?

Төбеңдегі Айды мына
Тұмарыңдай көремін.
Қапалы да, қайғылы да,
Қоңыр елім, өр елім.

Топырақтың табын сездім,
Жүгірдім де жығылдым.
«Отан» деген назым сөздің,
Мәнін сенен ұғындым.

Аспандай кең атамекен,
Иі қанбас көн дала,
Сені сүю қате ме екен,
Сүйіп өтем сонда да!

ЭПОСҚА ЕЛІКТЕУ
«Сүйгенің қандай?» дейсің сен:

Күнді көр де – өзін көр,
Түнді көр де – көзін көр,
Айды көр де – қасын көр,
Дарияны көр де – шашын көр.

Ай мен жұлдыз, күн – бөрі
Жіп есе алмас жолына.
Перизат, хордың қыздары
Су құя алмас қолына!

Мұнтаз мінез, шырақ ой,
Талшыбықтай тұла бой.
Балауыздай бал ерін,
Бұл қызды сүймеу – күнә ғой?!

...«Сүйгенің қандай?» дейсің сен!

САҒЫНЫШ

Сағынамын. Жабығамын.
Бағынамын жүрекке.
Не қыламын? Бөрі мәлім: сезім –
осы, дір етпе!
Сүйіп қалдым. Тұйықталдым.
Ұйып-қандым сырына.
Биік таудың шығып та алдым
барсакелмес шыңына.

Құстар ғана құштарлана ұшты
айнала төбемнен.
Ұстамды аға, тұспалдама, өз
сорымнан көрем мен!
Қарлы асқарға, нар бастауға,
бармас тауға шығыппын.
Алжасқанда қалмас қайда алтын
басы жігіттің?!

ҚАЗАҚЫ ҰРЛЫҚ

Тысячу лет не удивляет никого –
Так уже сделан человек.
Ныне, присно о вовек
Царствует над миром воровство.
Редьярд Киплинг.
«Общий итог».

Мынау өмір қалған бізге мұраға,
Барымта мен қарымтадан тұра ма?
Үйдегі қой,
Мидағы ой ұрланып,
Көмілгендей көз көрмейтін ұраға.

Табыныңды қасқыр алды қоруға,
Дарыныңды дәлдүріштер торуда.
Дорбалаған,
Арбалаған қу құлқын,
Жерді тесіп,
Елді теспей соруда.

Мұнайыңды жұтқызады қалтаға,
Құдайыңды ұтқызады картаға.
Темірінді, көмірінді аз десең,
Өмірінді қоса жұтар,
Қорқа ма?

Бар әлемге болғаннан соң ақша би,
Қалды ма екен қанда намыс, баста
ми?
Жөргегінен алдануға үйреніп,
Құр еміздік сорып жатыр жас сәби.

Аяқтарын баса алмайды
барлықтан,
Қорқар кім бар бұйрық пенен
жарлықтан?
Қазақ озды, қазақ озды, адамзат,
Тым болмаса ұрлық пенен
қарлықтан.

Даңқтырақ
Дөніккеннен құныққан,
Кім құтылар құлқын деген
құрықтан?
Бар ұрының аузын бір-ақ ұратын,
Ажал деген ұры барын ұмытқан.

КҮЗГІ ДЕВАЛЬВАЦИЯ

Ала жаз өте шықты сайран қуып,
Алқынып қала бердім айлам
құрып.
Алдыма алып келді
Алхимик-күз
Алтынға жапырақты айналдырып.

Күзгі бақ құшағына жиі енемін,
Күрсініп,
Күрең күнге сүйенемін.
Күлімдеп қайта келсе қайран
көктем,
Күйдіріп ернінен сүйер едім.

Көзімнен бұл-бұл ұшты-ау мұңсыз
жалған,
Күмбезі күлгінденіп,
Күн сызданған.
Аспаннан алтын шашып ағаштар
түр,
Асылдың заманы ғой
құнсызданған...

Өздері өткен көпірлерін
Өртеп кеткен ағалар-ай.
Өткел таппай өкінгенім,
Өзен бойын жағалап-ай...

Өте қояр қайық та жоқ,
Өткел табар байып та жоқ.
Өр кеудемен қойып кеттім,
Өлерменге айып та көп.

Тартып келем барым салып,
Тырмысамын,
Талғандаймын.
Тау толқыннан қарым талып,
Тауым қайтып,
Тал қармаймын.

Алда көзді бақырайтып,
Ағалар түр ақыл айтып:
«Алай жүзбе, былай жүз! – деп.
Арыныңды сынаймыз...» – деп.
Асау толқын арасынан
Мен келемін Құдайды іздеп!

СӨЗ

Сөзбен жүздестім. Сөзбен
таныстым.
Сөзге ғашық боп, жата-жабыстым.
Сөздің сиқыры билеп бойымды,
Сөзбен уланып, сөзден бал іштім.

Сөзден от жақтым, ошақ
лаулаттым.
Сөзден оқ жонып, жебе заулаттым.
Аңғырт азуды айға біледім,
Албырт көңілді қарға аунаттым.

Сөзге сендім мен. Сөзге семірдім.
Жаным-төніммен сөзге берілдім.
Сөзден оқ тиді, сөзден жығылдым,
Сөзден қуат ап, сөзге жегілдім.

Сөзбен алыстым. Сөзді кемірдім.
Сөзден шаршадым. Сөзден
жеңілдім.
Еттен өттің ғой, сүйекке жеттің
ғой,
Сөзеке, сонша саған не қылдым?..

МҰҢЛЫ ӨЛЕҢ

Мәлім маған мынау жақ:
Мынау көше, мынау бақ,
Мен сырғанақ тебетін
Мұрша тапқан мұзойнақ,
Мұнарланған ескерткіш –
Мүлгіп кеткен қыраулап,
Мысқыл күлкі тұрғандай
Миығында жын ойнап,
Май тоңғысыз айлы түн,
Мысықтайын мияулап,
Майы азайған майшамдай
Мөлиген Ай тым аулақ,
Марғау аспан мызғиды
Малма тымақ мұң орнап,
Мәжнүн талдар майысып,
Мөлкілдейді тұмаурап,
Монтансыған әлемнен
Мен де тұрмын сыр аңдап –
Мамыражай мезетте
Мазасы жоқ тірі аруақ,
Майқан-майқан көңілім
Мыжығандай піл аунап,
Мертікті ме, білмеймін,
Мінген атым лаулап,
Мойынсұнбас жүрегім
Мүз үстінде жүр аунап,
Марту басқан секілді
Мысты құртып бұғаулап,
Маңып жатыр миымнан
Мың-мың сұрақ тыраулап,
Мал қайырған малайдай
Мағынасыз құраулап,
Мұң меңдейді бойымды,
Миымда сан сұрау қап:
– Мәні қайда өмірдің?

Мұны табар кім ойлап?
Мезгіл өте бере ме
Мөлдірімді лайлап?..
...Мыңқ етпейді мына әлем,
Мынау көше, мынау бақ...

УАҚЫТТЫ КІМ ЖАРАТ-
ТЫ?

Уақытты кім жаратты екен
жылдам ғып?..
Бала кезде бұлықсыдық,
бұлдандық,
Жігіт шақта қызық қуып, қыз
қуып,
Шатақ қуып, шалқып-тасып,
жындандық,
Тайталаста түсіп талай итжығыс,
Уақыт бізді,
Біз уақытты құлдандық,
Қолдағының бөрі сусып уыстан,
Ақырында айдалада құр қалдық.

Уақытты кім жаратты екен өтпес
қып?..
Сағыныштың сары өзенін көп
кештік,
Күтуменен өтті біздің бар өмір,
Шыдамның да шегіменен беттестік,
Тұлпарлардың тұяқтарын
талдырып,
Ғашықтарды бір-біріне жетпес
қып...
Біз уақытты,
Уақыт бізді аямай,
Бір-біріміз егімізден ет кестік.

Уақытты кім жаратты екен мұндай
ғып?..
Ешкімге де енші болмас бұл
байлық,
Уақыт деген кімге – бақыт, кімге –
сор,
Кімге – ғарыш, кімге – намыс,
кімге – айлық,
Уақыт мені төске салып илесе,
Мен уақытты тартып жүрмін
сырнай ғып,
Одан өтер екіжүзді көрмедім
Қалыбынан кете берер күнде
айнып...

ТАҒДЫР

Қандай қыстың боларын
Алаш қайдан біледі?
Қандай құстың қонарын
Ағаш қайдан біледі?

Көзді ашып-жұмғанша,
Өте шығар жыл қанша.
Басыларсың бұрқылдап,
Мосыдағы құмғанша.

Тіріге жоқ тыныштық,
Өмір бірақ тым ыстық.
Кеудең шерге толмайды,
Жаратқан соң қуыс қып.

Түс көресің, демалып,
Тістенесің оянып.
Бұлдырайды дүние,
Көз жасыңа боялып.

Шимайланып қағазы,
Тірлік саған наразы.
Сенің кінәң емес қой,
Қисық болса таразы.



БАЛА ДОСТАР

Сілкіндіріп Семейдің жасыны
жерді,
Құпия, жұмбақ өлімдер ғасыры
келді.
Ауылда менің бірге өскен достарым
аз,
Алтауы бірдей асылып өлді.

Оларсыз ауыл маған да бола ма
мекен?
Ойран боп ойым, құлазып қалаға
кетем.
Ізіміз қалған Жасаң мен Шидіарық
жақты
Қиялмен жалаңаяқ бір аралап
өтем.

Астархан қайда белсенер төбелес
десе,
Иегі қышып тұратын ерегеспесе?
Жайырбек, Көке, Бақан мен
Исатай, Марат...
Терең су көрсе сүнгитін келе
бәстесе.

Бұзықтығымыз кететін ұлғайып
кей күн,
Баудан бау қоймай жемісін ыңғай
үптейтін –
Батыкен қайда:
«Балалар, пісіп қалыпты,
Біздің бақшаның қарбызын
ұрлайық!» дейтін.

Достарым қайда?
Кеудемнен бұрқылдап бір ән,
Қиырда жүріп ауылдан сыр тыңдап
тұрам.
Сахалин жақтан хат жазып
сұрапты Зәки:
«Түрмеге түскені рас па жылқы
ұрлап Құман?».

Жылдар да заулап өтті ғой небір
нөпірлеп,
Зіл салмағынан қайыстым темір
көпір боп.
Айқай салғым да келеді:
«Достардың орны
Түрмеде де емес,
Жүректің төрінде тұр!» деп.

НАЗЫМҒА

Жаным менің,
Қозым менің,
Назымым,
Жолсыз түнде жанған
темірқазығым,
Жас басымнан жын жетелеп, жыр
қудым,
Жұрт алдында жоқ та шығар
жазығым,
Жан әкеңнің жанын ұқшы
жабыққан,
Жөн көрмейтін жазмыштың
жазуын.

Өңімде өркім өзегімді пышақтап,
Түсімде жүр аруақтар құшақтап,
Жүрегім бар жартас сынды жай
түскен,
Жаншылсам да, кеткенім жоқ
ұсақтап,
Мұңсыз,
Мылқау,
Меңіреу бір мергендер
Көңілімнің көлінен кеп құс атпақ...

Қызым менің,
Ізім менің,
Назымым,
Қарлығашым,
Талдырмашым,
Нәзігім,
Қол сұқпайын құзырына
Құдайдың,
Өзі білер: күнөһар кім,
Қазы кім?
Өмір – бір күй:
Өзегі – өрт,
Сазы – мұң,
Әкең – мәңгі мәңгірген бір
мөжнүн...
Қаға алмастан қатал тағдыр азуын,
Қажыдым мен,
Қажыдым мен,
Қажыдым...
Қайда, қызым, жан сергітер
өзілің?!

АҚЫН ДЕГЕН БІР ҰЛТ
БАР

Есенғали Раушановқа
Азап шекті-ау
Ақын деген бір ұлт-ай,
Аттан салып,
Ашайықшы құрылтай.
Басында жүр бозторғайлар баз
кешіп,
Тұсында отыр темір тұяқ тұрымтай.

Тайталасып
Тағдыр деген тақсырмен,
Тартысам деп
Тарих деген төпсірмен,
Жүрсіндер ме жазаланып
жазықсыз,
Бөрін жеңіп,
Жеңіліп тек нәпсіңнен...

Аттанғанды
Ақын деген бұл елден
Ажалменен арпалысқа жіберген.
Құс қанатты Парнас таудың
Пырағын
Байлаған кім жер бетіне шідермен?

Адамзаттың арман-сөзін жаздым
дер,
Ақын ұлты!
Азаптан бір жазғын бел.
Қайдасыңдар,
Абайлар мен Хайямдар,
Үн қатыңдар,
Махамбет пен Мөжнүндер!

Ақын ұлты!
Алу үшін дербестік,
Тартыспасақ, тағдыр бізге бермес
түк.
Қай патшадан,
Қай Төңірден қорқамыз,
Жаратқан соң данышпан һәм
жарымес қып!.. ■



ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ МҮСІНІ ТАБЫЛДЫ

Моңғолиядағы «Шивээт улаан» ежелгі түркі салттық кешеніндегі археологиялық қазба жұмыстары Халықаралық түркі академиясының (TWESCO) бастамасымен жалғасып жатыр. «Аталған жоба Моңғолия ғылым академиясы тарих және археология институтымен бірігіп жүзеге асырылуда», – деп хабарлады академия.

TWESCO басшысы Дархан Қыдырәлінің жетекшілігіндегі жоба аясында маусым айында басталған қазба жұмыстарын танымал моңғол археологі Д.Цэвэндорж және қазақстандық ғалым-түркітанушы Н.Бәзілханов жүргізуде. Қазір кешеннің басты алаңындағы «Мәңгі тас» тас ескерткішінің орны және кешеннің екі табалдырығы қазылды. Археологтер ежелгі түркілердің тас мүсіндерін тапты. Сонымен бірге кешен іргетасының құрылымы, қалыбы және көлемі анықталды.

Осы және басқа да қазба жаңалықтары жайлы 24 тамыз күні өтетін «Ұлы дала көшпенділері: тарихи-мәдени үндестік» II түркі-моңғол археологиялық дала семинарында толық айтылады. Бұл дала семинары «Тянь-Шаньнан Өтікенге дейін: ұлы дала көшпенділерінің тарихи-мәдени құндылықтары» халықаралық экспедициясы аясында ұйымдастырылады, оған Қазақстан, Өзірбайжан, Қырғызстан, Моңғолия, Ресей және Түркиядан ғалымдар, қоғам қайраткерлері қатысады ■



ТЕЛЕФОН ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Ұялы телефонның пайда болуы – адамзаттың соңғы жарты ғасырда жеткен керемет жетістіктерінің бірі. Басқа ешбір өнертабыс біздің тұрмысымызға дәл бұлай қатты әсер ете алмайды және бұдан жылдам тарамайды. Бүгін сіздерге инженерлердің жасап берген осы бір ғажайып өнертабысына байланысты қызықты деректер жайында әңгімелейміз.

– 1 –

«Смартфон» термині тұңғыш рет «Ericsson» компаниясының 2000 жылы «Ericsson R380s» жаңа телефонын жарнамалауы кезінде шыққан. Құрылғы Symbian OS v5.1 басқаруында жұмыс істеді және ашылып-жабылатын қақпағы бар монохром сенсор экраны болған.

– 2 –

Қазіргі әр смартфонның, оның ішінде сіздің смартфонңыздың мүмкіндігі NASA-ның «Аполлон» бағдарламасы аясында адамды Ай бетіне қондыруға қатысты есептеулері мен басқаруына қажетті мүмкіндігі бар барлық компьютерінің қуатынан асып түседі.

– 3 –

Жапонияда телефондардың 90 пайызы су өтпейтін корпусымен шығады, себебі жапон жастары ұялы телефонын жуынарда да тастамайды.

– 4 –

Ұялы телефонды жоғалтып аламын немесе байланыстан үзілемін деп қорқу «номофобия» деп аталады. 2010 жылы пайдаланушылардың

ұялы байланысқа деген әдеттерін зерттеу қолға алына бастады. Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы ұялы телефонын жоғалтса, қуаты біте бастаса немесе баланста қаражат жоқ болса, байланысқа шықпай тұрса, уайымдайтынын мойындаған.

– 5 –

Әлемде ең табысты телефон – «Nokia 1101». 2003 жылы шыққан сәттен бастап 250 миллион құрылғы сатылды. Бұл – ұялы телефондар арасында ғана емес, жалпы электронды гаджеттер арасында да рекорд саналады. Қазіргі таңда бұл модель өндірілмейді.

– 6 –

2013 жылы БҰҰ жариялаған баяндама бойынша, ұялы телефон пайдаланушылардың саны дөретханасы бар адамдардан да көбірек. Жеті миллиард адамның алты миллиарды ұялы телефон ұстайды, тек 4,5 миллиард адам ғана санитарлық-гигиеналық жағдайда өмір сүреді.

– 7 –

Ұялы телефонды лақтыру Финляндия, Бельгия және тағы басқа елдерде кең таралған спорт түрі саналады. 2014 жылы өткізілген кезекті Әлем чемпионатында осы спорт түрінен әлем рекорды жаңартылды, яғни 110,42 метрге лақтырылған телефон бөрінен де асып түскен ■



АРҚАНЫҢ ТАҢДАУЛЫ  **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ**
ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АКАДЕМИЯСЫ

Мекенжайы:
Қарағанды қаласы,
Пичугин көшесі, 259-үй
Байланыс телефоны:
8(7212)47-50-69

Арқа Ақшамы
аймақтық қоғамдық-саяси газет
Айына 4 рет шығады
Меншік иесі:
«Кент» Баспа үйі» ЖШС
Директор:
Умуджан БЕКИМОВА
Директор орынбасары:
Айткүл ОМАРОВА

Бас редактор:
Жанат ЖАҢҚАШҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Ерболат ЕРБОЛҰЛЫ
Тілшілер қосынының жетекшісі:
Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ
Компьютер орталығының жетекшісі:
Алена МЕДВЕДЕВА
Кезекші редактор: Назира БАЙНАЗАР

Редакция мекенжайы:
Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы,
44/2; 312-кеңсе
Байланыс телефоны:
8 (701) 177-66-01, 8 (775) 784-92-34
Электронды пошта:
akshamy@mail.ru
Таралымы:
4000 дана

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, тіркеу туралы №13477-Г куәлігі 29.03.2013 жылы берілген.
Газет «Арқа ақшамының» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Газетте жарияланған автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газет «Қарағанды Полиграфиясы» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қаласы, Ә.Ермеков к., 33-үй